

«АТФБанк» акционерлік қоғамының
бесінші облигациялық бағдарламасы шегіндегі
облигациялардың екінші шығарылымы

ПРОСПЕКТИ

Облигациялар түрі: қамсыздандырусыз атаулы купондық реттелген облигациялар.
Облигациялар саны: 60 000 000 (алпыс миллион) дана.

Шығару көлемі: 60 000 000 000 (алпыс миллиард) теңге.

Эмитенттің қысқаша атауы: «АТФБанк» АҚ.

Облигациялар шығарылымын уәкілетті органның мемлекеттік тіркеуден өткізуі проспектіде сипатталған облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да бір ұсыныстардың жасалуын білдірмейді. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізген уәкілетті орган осы құжатта мазмұндалған ақпараттың растиғына жауап бермейді. Облигациялар шығарылымының проспектісі Қазақстан Республикасы зандарының талаптарына сәйкестігі жөнінде ғана қарастырылды. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектіде мазмұндалған ақпараттың растиғына жауап береді және онда ұсынылған бүкіл ақпарат шынайы және инвесторлардың эмитент пен оның облигациялары туралы пікірін шатастырмайтын мәлімет болып табылатынын раставиды.

Алматы қ., 2015 ж.

1. Осы облигациялар шығарылымы «АТФБанк» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Эмитент») бесінші облигациялық бағдарламасының проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады.
2. **Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:**
 - 1) **облигациялық бағдарлама проспектісін мемлекеттік тіркеу күні:**
көрсетілмейді, өйткені облигациялардың бірінші шығарылымының проспектісі уәкілетті органға мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін Эмитенттің бесінші облигациялық бағдарламасының проспектісімен бір мезгілде ұсынылады;
 - 2) **шығарылым шенберінде жүзеге асырылатын облигациялық бағдарламаның ақшалай көріністегі көлемі:**
180 000 000 000 (бір жүз сексен миллиард) теңге;
 - 3) **облигациялар шығарылымының реттік нөмірі:**
облигациялар шығарылымы Эмитенттің бесінші облигациялық бағдарламасының шенберінде бірінші болып табылады;
 - 4) **облигациялардың алдыңғы шығарылымдары туралы мәліметтер** (шығарылымның уәкілетті органда тіркелген күні, облигациялар саны, номинал құны бойынша шығару көлемі және бұл облигациялық бағдарламаның шегінде әрбір шығарылым бойынша жеке орналастырылған облигациялардың саны):
Бірінші шығарылым:
 - *тіркелген күні*- уәкілетті органда тіркеу сатысында;
 - *облигацияларды номиналды құны бойынша шығарудың жалпы көлемі* – 60 000 000 000 (алпыс миллиард) теңге;
 - *шығарылатын облигациялардың саны* – 60 000 000 (алпыс миллион) дана;
 - *облигацияның өз ұстаушысына беретін құқықтары*:
 - бірінші Проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімде облигацияның номиналды құнын алу құқығы;
 - бірінші Проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімде тіркелген сыйақыны алу құқығы;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Эмитенттің ішкі ережелерімен және «Қазақстан қор биржасы» АҚ талаптарында көзделген тәртіппен Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыруға;
 - облигациялар бойынша сыйақыны және негізгі борыштың номинал құнын төлеу жөніндегі міндеттемелерді Эмитенттің орындауының әрбір күні үшін өсімпұл түрінде тұрақсыздық айыбын төлеуді талап ету құқығы. Бұл ретте облигациялар бойынша сыйақыны және негізгі борыштың номинал құнын төлеу жөніндегі міндеттемелерді Эмитенттің орындауының әрбір күні үшін өсімпұл түрінде тұрақсыздық айыбы міндеттемелерді немесе оның тиісті бөлігін орындау күні (яғни ол үшін төлем жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күнгі) қолданыста болатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне орай есептеп шығарылады;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлар мен тәртіпте облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге құқықтар.
 - *Шектеулер (ковенант) бұзылған кезде іске асырылған құқықтар:*
Облигациялар жария етілмеді. Бірінші шығарылым облигацияларының проспектінде шектеулер (ковенанттар) көзделмеген.
 - *Ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібі көрсетілген, ұстаушылармен жасалған, бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтар:*
Бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттары жасалмады және соған сәйкес мұндай құқықтар іске асырылған жок.
- 5) облигациялық бағдарламаның шенберінде бұрын шығарылған облигациялармен олардың ұстаушыларына берілетін құқықтар, соның ішінде шектеулерді бұзу кезінде іске асырылған (ковенант) және ұстаушылармен ұстаушылардың бұл құқықтарын іске асыру тәртібін көрсетумен жасалған бағалы қағаздарды сатып алу-сату шарттарымен көзделген құқықтар:
- қолданылмайды, облигацияларды шығару – Эмитенттің бесінші облигациялық бағдарламасы аясында бірінші болып табылады және бұл облигацияларды шығару проспектінде шектеулер (ковенанттар) көзделмеген.

3. Шығарылым құрылымы

- 1) **облигациялар түрі:** Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша шығарылатын қамсыздандырусыз атаулы купондық реттелген облигациялар. Облигациялар қолданыстагы заңнама немесе азаматтық-құқықтық шарттар негізінде Эмитенттің депозиторларына және негізгі кредиторларына қарай реттелген.
- 2) **шығарылатын облигациялардың саны және облигацияларды номинал құны бойынша шығарудың жалпы көлемі:**
шығарылатын облигациялардың саны – 60 000 000 (алпыс миллион) дана; облигацияларды номиналды құны бойынша шығарудың жалпы көлемі – 60 000 000 000 (алпыс миллиард) теңге;
- 3) **бір облигацияның номинал құны:** 1 000 (бір мың) теңге;

4) облигациялар бойынша сыйақы:

- *облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі:*
облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі облигациялар айналымының барлық мерзіміне тұрақты болып табылады және облигациялардың номинал құнының жылдық 10 (он) пайызын құрайды;
- *сыйақы есептеу басталатын күн:*
облигациялар бойынша сыйақы есептеу облигациялар айналымға түскен күннен басталады. Сыйақы есептеу облигациялар айналымда болған барлық кезең ішінде жүргізіледі және облигациялар өтелетін күні аяқталады;
- *сыйақыны төлеудің кезеңділігі және күндері:*
облигациялар бойынша сыйақы облигациялар айналымда жүрген барлық мерзім ішінде, облигациялар айналымға түсे бастаған күнен бастап әр 6 (алты) ай өткеннен кейін жылына 2 (екі) рет төленетін болады. Сыйақы оны алуға құқығы бар және ол үшін сыйақы төленетін кезеңнің соңғы күнінің басында Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілім жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді

(Эмитенттің бас оғисінің орналасқан жеріндегі уақыт бойынша) – «Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімін тіркеген күн»;

- **сыйақы (купон) төлеу тәртібі мен талаптары:**

Сыйақы төлеу Тіркелген күннен кейінгі күннен бастап 20 (жырма) жұмыс күнінің ішінде облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша аудару жолымен тенгемен жүргізіледі. Облигация ұстаушылардың тізілімі тиісті купондық кезеңнің соңғы күнінің басына тіркеледі.

Төлем күніне сыйақы номиналды құны мен купондық сыйақының жартыштылдық мөлшерлемесінің көбейтіндісі ретінде есептеп шығарылады. Үтірден кейінгі белгілердің саны және дөңгелектеу әдісі «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес анықталады.

Сыйақыны соңғы төлеу облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.

Эмитент барлық төлемдерді (сыйақыны және негізгі борыштың сомасын төлеуді) қолма-қол ақшасыз тәртіппен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (тенге) жүзеге асырады.

Егер облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болған жағдайда, облигациялар бойынша сыйақы төлеу мұндай облигацияларды ұстаушының Қазақстан Республикасының аумағында теңгемен банктік шоты бар болған жағдайда, теңгемен жүргізілетін болады. Тенгедегі сома инвестордың жазбаша түрде берген тиісті өтінішін алған жағдайда, Банк белгілеген бағам бойынша өзге валютага айырбасталуы мүмкін. Тенгедегі соманы өзге валютага айырбастау инвестор есебінен жүргізіледі;

- **сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:**

облигациялар бойынша сыйақы төлеу облигациялар айналыста болатын бүкіл мерзімнің ішінде жылдағы 360 (үш жүз алпыс) күн және айдағы 30 (отыз) күн уақыттық базасы есебінен жүргізілетін болады;

- **индекстелген облигацияларды шыгару кезіндегі есеп айырысулар тәртібі:**

бұл шығарылым облигациялары индекстелген болып табылмайды.

- **егер сыйақы мөлшерлемесі тіркелген болып табылмайтын болса, оның мөлшерін анықтау тәртібі көрсетіледі:**

облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі облигациялар айналымда болатын барлық мерзімге тіркелген болып табылады;

5) **облигациялардың айналымы және өтелуі туралы мәліметтер:**

- **айналымга түсken күni:**

облигациялардың «Қазақстан қор биржасы» АҚ бағалы қағаздары ресми тізіміне кірген күн облигациялардың айналымға түсken күni болып саналады»;

- **облигацияларды айналымға жіберу жоспарланган рынок:**

ұйымдастырылған

- **облигациялардың айналым мерзімі:**

облигациялар айналымға түссе бастағаннан күннен бастап 10 (он) жыл;

- **облигацияларды өтеу шарттары:**

облигациялар облигациялардың тенгедегі номинал құны бойынша облигациялар айналыста болатын кезең аяқталған күннен кейінгі күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінің ішінде соңғы купондық сыйақыны бірге төлеумен ол үшін төлемдер жүзеге асырылатын кезеңдің (Эмитенттің бас оғисінің орналасқан жеріндегі уақыт бойынша) соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша аудару жолымен өтеледі.

Егер облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының резиденті емес болатын болса, облигациялар бойынша сыйақы төлеу мүндай облигацияларды ұстаушының Қазақстан Республикасының аумағында тенгелік банк шоты бар болған жағдайда, тенгемен жүргізілетін болады. Тенге сомасын инвестордан жазбаша түрде тиісті өтінішті алған кезде Банк белгілеген бағам бойынша өзге валютага айырбастауға болады.

▪ **облигацияларды өтеу күні:**

облигациялар айналымда болған кезең аяқталған күннен кейінгі күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде;

▪ **облигациялар өтелеңтін жер (жерлер):**

«АТФБанк» АҚ, Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қаласы, Фурманов көшесі, 100.

▪ **облигацияларды өтеу тәсілі:**

негізгі борыш сомасын өтеу және соңғы сыйақыны төлеу облигацияларды ұстаушылар тізілімінің деректеріне сәйкес облигацияларды ұстаушылардың ағымдағы шоттарына ақша аудару жолымен жүзеге асырылатын болады;

6) **облигациялар бойынша қамсыздандыру:**

облигациялар қамсыздандырылған немесе ипотекалық болып табылмайды, немесе Эмитенттің немесе онымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаның гарантияларымен қамсыздандырылған болып табылмайды және Эмитенттің басқа кредитторларына қарағанда басым болып табылатын әлде қандай азаматтық-құқықтық шарттар негізінде немесе басқа талаптардан шығатын міндеттемелер көзделмеген;

7) **облигацияларды ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер:**

Облигацияларды ұстаушылардың өкілі қызметтің «Сентрас Секьюритиз» акционерлік қоғамы жүзеге асыратын болады (Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Манас к-сі, 32А, тел./факс: 8 (727) 259 88 77), Номиналды ұстаушы ретінде Клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен 22.09.2004 жылғы №0401200886 Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызмет лицензиясы және 13.06.2014 жылғы №0403200223 инвестициялық портфельді басқару қызметтімен айналысуға берілген лицензиясы бар. Облигациялар ұстаушылардың өкілі өз қызметтің 2014 жылғы 31 желтоқсандағы №н/ж шарт негізінде жүзеге асырады»;

8) **тіркеуші туралы мәліметтер:**

облигация ұстаушылардың тізілімін қалыптастыруды, жүргізуді және сактауды жүзеге асыратын тіркеуші – «Бағалы қағаздардың бірынғай тіркеушісі» акционерлік қоғамы, орналасқан мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Сәтбаев к-сі, 30 А/3 үй, тел.: +7 (727) 272 47 60, факс: +7 (727) 272 47 60 ішкі 230, Басқарма төрағасы: Бекболат Сәбитұлы Хамитов. Тіркеуші өз қызметтің Эмитентпен жасалған, Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу жөніндегі 2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 00652-АҚ Шарттың негізінде жүзеге асырады;

9) облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдар туралы мәліметтер (облигацияларды орналастыруға қатысатын ұйымдардың атауы, орналасқан жері, тиісті шарттардың күні мен нөмірі көрсетіледі):

қаржылық консультант және андеррайтер көзделмеген; Эмитент қаржы кеңесшісінің қызметін пайдаланбай, облигацияларды өз бетімен орналастырады.

10) төлем агенті туралы мәліметтер (оның атауы, орналасқан жері, телефон нөмірлері, тиісті шарттың күні мен нөмірі көрсетіледі):

төлем агенті көзделмеген. Эмитент сыйақы төлеуді және облигацияларды өтеуді төлем агентінің қызметтерін пайдаланбай өз бетімен жүзеге асырады.

11) облигацияның өз ұстаушысына беретін құқықтары:

- осы Проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімде облигацияның номиналды құнын алу құқығы;
- осы Проспектіде көзделген тәртіппен және мерзімде тіркелген сыйақыны алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ Эмитенттің ішкі ережелерімен және «Қазақстан кор биржасы» АҚ талаптарында көзделген тәртіппен Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыруға;
- облигациялар бойынша сыйақыны және негізгі борыштың номинал құнын төлеу жөніндегі міндеттемелерді Эмитенттің орындауының әрбір күні үшін өсімпұл түрінде тұрақсыздық айыбын төлеуді талап ету құқығы. Бұл ретте облигациялар бойынша сыйақыны және негізгі борыштың номинал құнын төлеу жөніндегі міндеттемелерді Эмитенттің орындауының әрбір күні үшін өсімпұл түрінде тұрақсыздық айыбы міндеттемелерді немесе оның тиісті белгін орындау күні (яғни ол үшін төлем жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінен кейінгі күнгі) қолданыста болатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне орай есептеп шығарылады;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайлар мен тәртіппе облигацияларға меншік құқығынан туындастырылған өзге құқықтар.

Облигация ұстаушылардың облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы көзделмеген.

Облигация ұстаушылардың төлем деңгейін (купонның) көтеру және сатып алуға ниеттенуі көзделмеген.

Эмитент банкротқа ұшыраған немесе тараған жағдайлардан басқа кездері облигация ұстаушылардың сыйақыны және номиналды мерзімінен бұрын төлеуді талап ету құқығы көзделмеген.

Облигация ұстаушылардың Эмитенттен өзге мүліктік баламаны не өзге мүліктік құқықтарды алу құқығы көзделмеген;

11-1) Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануына мүмкін болатын оқиғалар:

Облигациялар бойынша дефолт – бұл купондық сыйақыны, номинал құнды және соңғы куондық сыйақыны осы Проспектімен белгіленген негізгі борышты немесе купондық сыйақыны төлеу мерзімдері аяқталған күннен кейінгі келесі күннен бастап Эмитент кінәсінен төленбейі немесе толық төленбейі.

Эмитент Бағдарламаның шенберінде облигациялардың бірінші шығарылымының Проспектісі бойынша өз міндеттемелерінің ішінәр немесе толықтай орындалмағаны үшін, егер бұл орындау қарсы тұруға болмайтын күш жағдайларының салдары болса, жауапкершіліктен босатылады. қарсы тұруға болмайтын күш жағдайлары деп басталуын алдын ала болжап білу немесе болдырмау мүмкін болмаған жағдайлар (табигат құбылыстары, әскери әрекеттер, уәкілетті органдардың тыйым салушы немесе шектеуші сипаттағы актілері және т.с.с.) ұғынылады. Қарсы тұруға болмайтын күш жағдайлары туындаған ретте Эмитенттің Бағдарламаның шенберінде облигациялардың бірінші шығарылымының Проспектісі бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі оның барысында осындай жағдайлар мен олардың салдарлары күшінде болатын уақыт кезеңіне мөлшерлес жылжытылады.

Облигациялар бойынша дефолт орын алған жағдайда, Эмитент облигацияларды ұстаушылардың пайдасына кешіктірген әрбір күні үшін ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындау күніндегі (яғни төлем жүргізілетін кезеңнің соңғы күннен кейінгі күн) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Эмитенттің ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне орай есептелген өсімпұлды есептеуге және төлеуге міндетті.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген мерзімнің ішінде, ал мұндай мерзім Қазақстан Республикасының заңнамасында болмаған жағдайда – дефолт оқиғасы туындаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде Эмитент мұндай факті жөнінде облигация ұстаушыларды облигация ұстаушылардың өкілін хабарландыру, сондай-ақ Эмитенттің ресми сайтында <http://www.atfbank.kz>, «Қазақстан кор биржасы» АҚ ресми сайтында <http://www.kase.kz>, «Қаржылық есептілік депозитарий» АҚ ресми сайтында <http://www.dfo.kz>, сонымен қатар «Егемен Қазақстан» және/немесе «Казахстанская правда» газетінде хабар, соның ішінде:

- дефолт фактісі туралы ақпаратты;
- дефолт күніндегі Эмитенттің орындалмаған міндеттемелерінің көлемін;
- міндеттемелердің орындалмау себептерін;
- Эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, облигация ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру жөніндегі мүмкін әрекеттерінің тізімін;
- Эмитенттің шешімі бойынша өзге ақпаратты орналастыру арқылы хабарландырады.

Өзге заңды тұлғаға аталған ақпаратты ашуды тапсыру көзделмеген.

Дефолт оқиғасы басталған кезде Эмитент облигация ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында дефолт оқиғасын тудырған себептерді жою жөніндегі шаралардың Жоспарын жасайды және оны Эмитенттің тиісті органы бекітеді.

Осы шығарылым облигациялары бойынша дефолт орын алған жағдайда, облигация ұстаушыларының талаптарын қанағаттандыру осы Проспектіде және Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тәртіппен және талаптарда іске асырылады.

Эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындалмаған не лайықсыз орындаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауапкершілікті көтеретін тұлғалар – жоқ;

12) Эмитенттің облигациялар шығарылымын мерзімінен бұрын өтөу құқығы:

Төменде көрсетілген талаптар сакталған жағдайда, Эмитент кемінде бес жыл өткеннен кейін ғана облигацияларды толық көлемде мерзімінен бұрын өтей алады:

- уәкілетті органның оң шешімі болған;
- орнына осындай немесе одан жақсы сападағы капитал берілген

■ облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуі салдарынан талап етілген ең төменгі капитал деңгейінен асыра Эмитентті капиталдандыруды жақсарту.

12-1) Эмитенттің облигация ұстаушыларды өз қызметі және ақпараттың мазмұнын, осындай ақпаратты ашу, соның ішінде облигациялар шығару проспектісімен көзделген шектеулерді (ковенант) бұзу туралы хабарландыру тәртібін, мерзімін және тәсілін көрсетумен қаржылық жағдайы туралы хабарландыру тәртібі:

Эмитенттің қызметі және қаржылық жағдайы туралы ақпарат, соның ішінде ХҚЕС сәйкес жасалған Эмитенттің қаржы есептілігі бойынша аудиторлық есептер Эмитенттің (www.atfbank.kz), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) ресми сайттарында Эмитент пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ арасында жасалған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың листингі туралы шартта көрсетілген мерзім мен тәртіпке сәйкес, және «Қаржы есептілігі депозитарий» ресми сайтында www.dfo.kz Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мерзім мен тәртіпке сәйкес орналастырылады және тұрақты негізде жаңартылатын болады.

Бұл облигацияларды шығару проспектінде шектеулер (ковенанттар) көзделмеген.

13) облигацияларды орналастырудан түскен ақшаны пайдалану туралы мәліметтер:

облигацияларды шығарудан және орналастырудан алынған ақша қаражаты Эмитент капиталының жеткілікті деңгейін ұстап тұру және көр жасау базасын ұлғайтуға бағытталатын болады. Эмитент өз міндеттемелерін әр тараптандырып, облигацияларды орналастырудан алынған ақша қаражаттарын Қазақстан экономикасының нақты секторын несиелендіруге бағыттауға ниетті. Атап айтқанда, Эмитент Қазақстан Республикасының ірі, орта және шағын бизнес кәсіпорындарын несиелендіруді жалғастыратын болады.

Облигацияларды орналастырудан алынатын ақшаның жоспарланатын бөлінуіне өзгерістер енгізілуі мүмкін жағдайлар басталған кезде Эмитент облигациялар шығару Проспектісінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен тиісті өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізетін болады.

3-1 Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйакы төлеудің әрбір кезеңі бөлігінде сыйакы төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражаттары көздері мен ағымдарына болжам

осы Проспектінің 1-қосымшасында берілген;

3.2. Эмитент қабылдайтын шектеулер (ковенанттар) (егер бұл Эмитент органдының облигация шығару туралы шешімінде көзделсе):

Бұл облигацияларды шығару проспектінде шектеулер (ковенанттар) көзделмеген.

4. Опциондар туралы ақпарат:

опциондар көзделмеген.

5. Айырбасталатын облигациялар:

облигациялар акцияларға айырбасталмайды.

6. Облигацияларды орналастыру мерзімі:

1) Облигацияларды орналастыру мерзімі мен тәртібі:

облигацияларды орналастыру басталған күн облигациялардың айналымға түскен күні болып табылады. Облигациялар «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес, бағалы қағаздардың үйымдастық нарығында айналымға түскен барлық мерзім ішінде орналастырылады;

Облигациялар үйымдастырылмаған нарықта орналастырылмайды;

Эмитенттің немесе ол арқылы Эмитент бақылау жүргізетін немесе оның қызметіне айтарлықтай әсерін тигізетін, Эмитентпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаның облигациялар сатып алуға немесе тікелей не жанама түрде осы облигациялардың сатып алынуын каржыландыруға күкүктары жоқ;

2) жазылу жолымен акцияларға айырбасталатын облигацияларды орналастырған кезде айырбастау талаптары көрсетіледі:

облигациялар акцияларға айырбасталмайды.

3) облигацияларды төлеу шарттары мен тәртібі:

облигациялар ақшамен қолма-қол ақшасыз нысанда төленеді. Облигацияларды «Қазақстан кор биржасы» АҚ сауда алаңында мамандандырылған саудаларды өткізу жолымен орналастырылған кезде төлем «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі ережелеріне сәйкес жузеге асырылады.

Облигациялар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылады.

Басқарма төрағасының м.а.

Бас бухгалтер



Р.Е. Ильясова

Н.А.Макетаев

І-көсімнің

Облигациялар өтелген сәтке дейінгі сыйақы толенестін кезеңің әр болігінде сыйақы толеу және негізгі борыш сомасын отеу үшін қажетті, Эмитенттің ақша қаражатының көзі мен ағымдарының болжамы.

мың. тенге

№	Кез	Облигацияларды орналастыру		Депозиттер	Барлығы ақшалай қаражат келуі	Облигацияларды өтеуі		Купон төлемі		Нетто кредитке ақшалай қаражаттың	Барлығы ақшалай қаражат тарауы	Таралмаған ақшалай қаражат
		4-ші бағдарлама	5-ші бағдарлама			4-ші бағдарлама	5-ші бағдарлама	4-ші бағдарлама	5-ші бағдарлама			
1	1 жартыжылдық 2015	150 000 000	180 000 000	-151 816 998	178 183 002	0	0	7 350 000	6 300 000	44 545 751	58 195 751	119 987 252
2	2 жартыжылдық 2015	0	0	38 466 000	38 466 000	0	0	7 350 000	6 300 000	69 361 751	76 711 751	81 741 501
3	1 жартыжылдық 2016	0	0	38 850 660	38 850 660	0	0	7 350 000	6 300 000	69 746 411	77 096 411	43 495 751
4	2 жартыжылдық 2016	0	0	38 850 660	38 850 660	0	0	7 350 000	6 300 000	69 746 411	77 096 411	5 250 000
5	1 жартыжылдық 2017	0	0	39 239 167	39 239 167	0	0	7 350 000	6 300 000	25 589 167	32 939 167	11 550 000
6	2 жартыжылдық 2017	0	0	39 239 167	39 239 167	0	0	7 350 000	6 300 000	31 889 167	39 239 167	11 550 000
7	1 жартыжылдық 2018	0	0	39 631 558	39 631 558	0	0	7 350 000	6 300 000	32 281 558	39 631 558	11 550 000
8	2 жартыжылдық 2018	0	0	39 631 558	39 631 558	0	0	7 350 000	6 300 000	32 281 558	39 631 558	11 550 000
9	1 жартыжылдық 2019	0	0	41 613 136	41 613 136	0	0	7 350 000	6 300 000	34 263 136	41 613 136	11 550 000
10	2 жартыжылдық 2019	0	0	41 613 136	41 613 136	0	0	7 350 000	6 300 000	34 263 136	41 613 136	11 550 000
11	1 жартыжылдық 2020	0	0	45 774 450	45 774 450	0	0	7 350 000	6 300 000	38 424 450	45 774 450	11 550 000
12	2 жартыжылдық 2020	0	0	45 774 450	45 774 450	0	0	7 350 000	6 300 000	32 124 450	39 474 450	17 850 000
13	1 жартыжылдық 2021	0	0	54 929 340	54 929 340	0	0	7 350 000	6 300 000	41 279 340	48 629 340	24 150 000
14	2 жартыжылдық 2021	0	0	54 929 340	54 929 340	0	0	7 350 000	6 300 000	41 279 340	48 629 340	30 450 000
15	1 жартыжылдық 2022	0	0	71 408 142	71 408 142	0	0	7 350 000	6 300 000	57 758 142	65 108 142	36 750 000
16	2 жартыжылдық 2022	0	0	71 408 142	71 408 142	50 000 000	0	7 350 000	6 300 000	37 758 142	95 108 142	13 050 000
17	1 жартыжылдық 2023	0	0	72 122 223	72 122 223	0	0	4 925 000	6 300 000	40 897 223	45 822 223	39 350 000
18	2 жартыжылдық 2023	0	0	72 122 223	72 122 223	50 000 000	0	4 925 000	6 300 000	40 897 223	95 822 223	15 650 000
19	1 жартыжылдық 2024	0	0	100 971 112	100 971 112	0	0	2 475 000	6 300 000	92 196 112	94 671 112	21 950 000
20	2 жартыжылдық 2024	0	0	100 971 112	100 971 112	50 000 000	180 000 000	2 475 000	6 300 000	70 446 112	122 921 112	0
БАРЛЫҒЫ		150 000 000	180 000 000	895 728 578	1 225 728 578	150 000 000	180 000 000	132 400 000	126 000 000	937 028 578	1 225 728 578	0